


“БІЛІМНІҢ ШЫРАҒЫ, СҰЛУЛЫҚТЫҢ ШЫНАРЫ”

**Қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы
ағартушы-педагогтар**



**Иманбекова Клара Жұмағалиқызы
ғылыми-библиография
бөлімшесінің басшысы**

Қазақ қыздарының арасында ХХ ғасырдың басында оқу-өнерге талпынғандары аз болмаған. Олар өздері сауат ашысымен халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болды. Көбінің мамандығы мұғалімдік еді. Олар бала оқытып, қазақ әйелдерін біліммен қарулануға, қоғамдық істерге араласып, қараңғы халықтың көкірек-көзін ашуға шақырып отырды. Өздері де мұғалімдіктен кейін түрлі мамандықтарды игуремен ғана шектелмей, бар өмірлерін ел тағдырына арнаған абзал жандар болды.



Сол кездегі қазақ қыздарының арасынан суырылып шығып, өз халқына өнер, мәдениет, білім сәулесін шашқан алғашқы қарлығаштар – **Нәзипа Құлжанова, Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Шахзада Шонанова, Ләзиза Серғазиналар** болды. Бұл кісілер туралы бүгінге дейін жетіп отырған деректер жұтаңдау, бірақ соған қарамастан, сол аз деректердің өзінен сонау өткен ғасырдың басында-ақ ел-жұртқа танымал, ағартушы, қайраткер, ұлт жанашыры болған қазақ қыздарының арасынан шыққан зиялы тұлғаларды көруге болады.

**Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (1887-1934),
педагог-оқымысты, журналист, жазушы,
аудармашы, қайраткер .**



XX ғасырдың басында өз халқын білімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, этнограф, журналист-публицист.

Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеңшары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген.

1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903–1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен және осында жүріп Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген.

Училищеде қызмет етіп жүріп, семинария мұғалімі Құлжанов Нұрғалимен тұрмыс құрады. Екеуін үйлестірген жағдай - олардың дүниетанымы мен өмірге деген көзқарас ортақтығы болды.

1904 жылы бұлар Семейге көшіп келеді. 1905–1919 жылдары екеуі де Семей Мұғалімдер дайындайтын семинарияда мұғалімдік қызметте болған.



Нәзипаның өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов 1870 жылы Торғай облысының Жетіқара болысында туған, Орынбордағы оқытушылар мектебін бітірген. 1905 жылдан 1919 жылға дейін Семей қаласындағы Мұғалімдер семинариясында ұстаздық еткен. 1919 жылы Колчак жендеттерінің қолынан қаза тапқан.

Ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар халықтың рухани дүниесіне өлшеусіз үлес қосқан адамдар. Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, озық ойлы, биік мәдениетті жаңашыл жайсаң жандар еді. Олар қоғамдық саяси кітаптарды көп оқып, көркем әдебиет, әсіресе орыс классиктерінің шығармаларынан рухани нәр алған білімді, білгір ұстаздар болды. Сондай-ақ, олар екі тілде (орыс-қазақ) бірдей таза сөйлейтін шешен кісілер еді. Сондықтан да бұлардың есімін «қос қарлығаш» деп халық үлкен құрметпен атайтын.

Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан Нәзипа 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болады.

1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай ерлі-зайыпты Құлжановтар әдеби-музыкалық және этнографиялық кеш ұйымдастырып, онда Нәзипа баяндамасын орысша және қазақша екі тілде жасап, жиналғандарды таң қалдырған. Нәзипа Абайды қазаққа танытқан зиялылардың бірі болды.

ПРОГРАММА
ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ЛИТЕРАТУРНО
- МУЗЫКАЛЬНО ВОКАЛЬНОГО
ВЕЧЕРА

Семипалатинского Подъотдѣла Императорскаго русскаго географическаго
Общества имеющаго быть.

26-го ЯНВАРЯ 1914 года.

I Отдѣленіе.

1. Киргизскій поэтъ Ибраѣимъ (Абай) Кунанбаевъ и его поэзія. — Прочт. Н. С. Кульджанова.
2. Киргизскіе песни:
 - а) Отрывокъ изъ письма Татьяны, стихъ Пушкина, переводъ и мотивъ Абая.
 - б) Любовь юноши. Стихъ и мотивъ Абая. Исп. Алмагомбет Капселямовъ.
 - в) Оправданіе после смерти. Стихъ и мотивъ Абая.
 - г) 4 пѣсни стариннаго киргизскаго мотива. Стихотвореніе Прочтѣт. И. В. Емельянцева.

II Отдѣленіе.

1. Вся въ беломъ стихъ. Надсона. Прочт. С. Г. Павлова.
2. Соло на роялѣ. Исп. М. А. Ауэрбахъ.
3. Стихотвореніе Прочт. И. В. Емельянцева.
4. Соло для баритона. Исп. Н. А. Яковлева.
5. Увертюра Бетховена на роялѣ. Исп. М. А. Ауэрбахъ и В. Ю. Шабуневичъ.

III Отдѣленіе.

1. О шаманизмѣ. Прочт. Г. И. Павловъ.
2. Образецъ заклінательной пѣсни баксы. Прочтѣт. Н. С. Кульджанова.
3. Баксы Бериклай Сатиева (80 летъ) съ кобызомъ исполнитъ сеансъ призванія душой.
4. Живые картины: а) тилы киргизы, б) киргизы за питьемъ кумыза, в) охота съ ястребами.

Начало въ 7 часовъ вечера.



Жазушы, драматург,
Жүсіпбек Аймауытов
«Айқап» журналына бұл
туралы: «Біздің қазақта
ұлтқа қызмет еткен
әйелдің алды Нәзипа
ханым болып шежіреде
жазылуы тиіс» деп
жоғары баға берген.



Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы **«Мектептен бұрынғы тәрбие»** атты әдістемелік кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Осы кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті **Ахмет Байтұрсынұлы:**

«Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп жазған.

Осы кітаптың мазмұнынан сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше мысал етіп көрсетеді.

Н.С.Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас шамасына, қабылдау ерекшеліктеріне байланысты – өлең айту, сурет салу т.б. өнерлерін дамыту, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды.


Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген

Н.С.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне әдістемелік кітап ретінде ұсынылған.

Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы. Н.Құлжанова «Баланы ауырудан сақтандыру» атты еңбегінде ана мен оның перзентін дерттен сақтандыру жолдары, баланы бағу, күту, тамақтандыру турасында ой толғайды. Бала тәрбиесіне байланысты сындарлы пікірлерін түсінікті, өрнекті кестелі тілмен, айтпақшы ойын жан-жақты түсіндіре келіп жеткізеді.

Н.Құлжанованың тағы бір қыры – ол қаламы аттай желген сөз зергері – публицист, жазушы әрі аудармашы болған. Н.Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі.

Күйеуі қайтыс болғаннан кейін Н.Құлжанова Семейден Ақмолаға кетіп, 1920-1922 жылдары Ақмолада мұғалім болып жұмыс істейді. Ал 1922 жылы С.Сейфуллин басшылық еткен «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі болып, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарған. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту мәселелері туралы мақалалар жариялаған, сонымен бірге қазақ әйелдерінің тағдырына қатты зейін аударған.



Редакция алқасының мүшесі болып қызмет еткен 1924-1925 жылдары түскен фото суретте бірінші отырған Нәзипа Құлжанова, ортадағы Сәкен Сейфуллин, шеткі отырған Сәбит Мұқанов.

Нәзипа Құлжанова – республикада әйелдер қозғалысына ірі қозғау салған және көптеген ауылдық, губерниялық, уездік комитеттерде әйелдер бөлімін аштырған қайраткер.

Шығыс әйелдерінің I съезін ұйымдастыруда атқарған еңбегі ұшан-теңіз.

«Қазақ әйелінің қазіргі тіршілігінің ең күшті тілегі – ана болып, бала өсіре білу һәм қазақ ел шаруасында мағыналы болу. Бұл міндеттерге жеткізетін тура жол – оқу, өнер, кәсіп» деп жазған Нәзипа Сегізбайқызы өз еңбектерінде.

Қаламы ұшқыр жазушы Нәзипа Құлжанованың әйел тақырыбына арналған «Маржан», «Есіл қыз-ай!» сияқты көркем әңгімелерімен қатар қазақта ең алғаш Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», Ыбырайдың «Көктем» өлеңін, Ғ.Мүсірепов шығармаларын орысшаға аударуы ол кез үшін ерекше жағдай болған және орыстың классикалық әдебиетінен аудармалары да баршылық.

Ол В.Г.Короленконың «Күн тұтылғанда», А.Куприннің «Лапылдап жанған крейсер», А.Скиталецтің «Дала соты» және Б.А.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повесін қазақ тіліне аударған.

Сол кезде даңқы шығып тұрған Н.Құлжановаға ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, С.Сейфуллиндер өлең арнап жазған. Қайраткер, журналист Нәзипа Құлжановаға таза көңілмен, ағалық мейіріммен арнап Сұлтанмахмұт Торайғыров:

**Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін,**


**Неше күн қыдырсаң да таба алмассың
Семейдің одан өтер адам жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.**
деген шумақтары бар арнау өлең жазған.



Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова өнерпаз адам болған. Ыбырай мен Абайдың шығармашылығына байланысты ойын-сауық кештерін өткізіп, Семей облыстық театрының негізін салған. Әнші болмаса да, қазақ әндерін домбырамен нақышына келтіре орындайтын өнері болған. Ең маңыздысы - ол кісінің әншілігі ғана емес, қазақ әндерінің нотаға түсуіне көмек көрсетуі еді.



Нәзипа Сегізбайқызы
Александр Затаевичке
«Ғайни-ай, сәулем»,
«Қыздардың зары»,
«Жылқылы бай» әндерін
жаздырған. Бұл әндер
кейін А.Затаевичтің «1000
песен казахского народа»
атты кітабына еніп, қазақ
өнерінің алтын
қазынасына айналды.



Нәзипа Құлжанованың өмірі қысқа болды. Нәзипаның күйеуі колчактардың қолынан қаза тапқаннан кейін, арада он жылдай уақыт өткенде ол «халық жауы» деп танылып, ал оның адал жары, ел зиялысы Нәзипа Сегізбайқызына «халық жауының әйелі» деген айып тағылып, әуелі өзінің атқарып жүрген жұмысынан қуылып, баспалардан шыққалы жатқан бірқатар кітаптары мен мақалалары тоқтатылып тасталып, кейін мүлдем қорғансыз-панасыз болып қалады.

Көрінгеннің көзтүрткісіне айналып, ақыры жазылмас дертке ұшырап, денсаулығынан айырылып, 1934 жылы 47 жасында Алматыда қайтыс болған. Өз халқы үшін барлық күш-жігерін сарқа жұмсаған Нәзипа Құлжанованың тағдыры осындай болды.


Нәзипа Құлжанованың Гүлжиһан деген жалғыз қызы қалған. Гүлжиһанның жолдасы Ұлы Отан соғысында қаза болып, одан қалған ұлы мен қызы жоғары білімді азамат болып олардан немере, шөберелері тарап отыр.



Көрнекті педагог-
оқымысты, журналист-
көсемсөзші, жазушы әрі
аудармашы Нәзипа
Құлжанованың
қаламынан туған түрлі
сипаттағы шығармалар
жинағы профессор
Серік Негимовтың
құрастыруымен 2014
жылы Ана тілі
баспасынан жарық
көрдi.



НӘЗИПА
ҚҰЛЖАНОВА
шығармалары



Сонымен бірге
Г.А.Кәрібжанованың
ағартушы-педагог
Н.С.Құлжанова туралы
«Нәзипа Құлжанова»
атты кітабы жарық
көрді.

Торғай қаласында Арқалық гуманитарлық колледжіне Нәзипа Құлжанова есімі берілген.


Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, қоғамдық еңбегі, ой толғамдары, өмірдегі атқарған ісі, өлшеусіз өнегесі мәңгі жасай береді деп сенеміз.



Оразбаева Алма Дінмұхамбетқызы (1898-1948)
– халық мұғалімі, мемлекет және қоғам
қайраткері



Шығыс әйелдерінен
шыққан алғашқы
жалынды
революционер,
большевик, мемлекет
қайраткері, талантты
журналист,



Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева 1898 жылы 28 желтоқсанда Бөкей ордасында жұмысшы отбасында дүниеге келген. Ордадағы 1 кластық орыс-қазақ мектебінде сауат ашқан. 1909-1911 жылдары Симбирскідегі чуваш мектебінде оқыған. Әкесінің қайтыс болуына, қаражат тапшылығына байланысты оқуын аяқтай алмай, елге оралып, Жәңгір ханның немересі Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова ашқан Ордадағы 2 кластық қыздар мектебінде оқиды.

1916 жылы осындағы жоғарғы бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық курсты бітіріп, бастауыш класс мұғалімі мамандығын алып шығады. Ұстаздық жолын Жаңақазан (Новая Казанка) ауылында ауыл мұғалімінен бастайды.

Алма Оразбаева 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін социалистік жолда қызмет істеуге біржола беріліп, өзінің большевиктік іс қабілетін ерекше көрсете білді.

1917 ж. мамыр айында С.Меңдешевтің бастауымен Ордада өткен, бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап еткен мұғалімдер съезінің жұмысына белсене қатысады. Ордада Кеңес өкіметі орнаған күннен бастап әйел теңдігі, жесір дауы мәселелеріне тікелей араласып, өзінің жалынды сөздерімен, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған уытты мақалаларымен қазақ әйелдерінің көзін ашуға тырысады.

Алма Оразбаеваның басшылығымен 1920 жылы 25 желтоқсанда республикада қалың малды жою туралы Декрет қабылданып, 4 қаңтар күнін қазақ әйелдерінің тәуелсіздік күні деп жариялау туралы шешім қабылданған. Көптеген қазақ әйелдері Алма Оразбаеваның қолдауымен білім алып, елге еңбек еткені де тарихтан мәлім.

А.Оразбаеваның бастамасымен сауатсыздықты жою және ағартушылық мақсатында «Қызыл отаулар» құрылды. Алма Оразбаева комсомол құрбылары Нағима Арықова, Мәдина Бегалиева, Сара Есовалармен бірге ауыл-ауылдарда «Қызыл отаулар» құрып, халықты сауат ашуға тартып, жергілікті жерде сабақ өткізіп, жиналыстар жүргізіп, әйелдерге өз құқықтарын түсіндіріп, жас қыздарды қалың малға сатылып кетуін болдырмау мақсатында күрес жүргізді.



Сонымен бірге «Қызыл отауға» әйелдер өз еріктерімен келмеген соң, оларды қызықтыру үшін іс тігетін мәшинелер қойғызып, кейін әйелдер отауларға киім-кешектерін тіккізіп немесе жөндетіп алу үшін келетін жағдай жасады.

«Қызыл отау» штабында үш адам жұмыс істеді. Біреуі сауат ашу мәселесімен айналысты, екіншісі медицина қызметкері, үшінші адам – құқық саласын жақсы білетін адам болды.



А.Оразбаеваның ұйымдастырушылық қабілеті қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкін құру кезінде ерекше байқалды. 6 эскадроннан жасақталған, қазақтардан құрылған атты әскерлер қатарында Алма саяси комиссар қызметін атқарды. Ол жас жігіттердің сауатын ашып, орыс тілінен сабақ берді және әскерилердің арасында қоғамдық-саяси жұмыстар жүргізді. Осылай Алма «эскадроншы», «саяси жетекші», «қызыл үгітші» деген атақ алды. Осы тұңғыш қазақтың әскери полкынан тұңғыш қазақ генералдары Шәкір Жексенбаев пен Рамазан Құрманғалиев шыққан.

А.Оразбаева Чапаев дивизиясына жәрдем беру мақсатында Жайықтың жағалауындағы Ойық, Қаратөбе Қарабай уездеріне жорыққа барып, кеңес үкіметін қайта қалпына келтіру үшін еңбек сіңірді.

Полк комиссары Бейсен Жанекешевпен бірге Қазақстандағы қызыл әскер клубын құруда да Алма көп еңбек сіңірді. Бұл клуб 1919 жылы 22 маусымда Ордада құрылды.

Алма Оразбаева Орынборда шыққан алғашқы қазақ комсомол газеті «Өркеннің», «Әйелдер теңдігі», «Жас қазақ», «Жас большевик», «Жас қайрат» журналдарының редакция мүшесі болып, осы басылымдарда жас жеткіншектерді оқыту, тәрбиелеу, әйелдер мәселесі туралы «Қазақ әйелдері даңғыл жол үстінде», «Қазақ әйелдерінің қалыңмалдан құтылған күні», «Әйелдер бостандығы», т.б. мақалалар жазды. Осыдан соң-ақ А.Оразбаеваның даңқы Қазақстаннан тыс жерлерге тарап, бүкіл Алтай, Орта Азия, Башқұртстан, Татарстан елдеріне жетті.

1919 ж. 17 маусымда Қазақ әскери істер жөніндегі комиссариатының бұйрығымен комиссариаттың саяси-ағарту бөлімінің үгітшісі болып тағайындалып, көп ұзамай Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университеті жанындағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға жіберіледі. 1919 жылы 14 қазанда қазақ қыздарының ең алғашқысы болып Алма Оразбаева Мәскеуде РК(б)П қатарына қабылданады.

1919-1928 жылдары РК(б)П Орынбор губкомы қазақ секциясының жауапты хатшысы, Бөкей губерниялық партия комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан өлкелік саяси-ағарту бас басқармасының бөлім меңгерушісі болып істейді.





1924 жылы Алма Оразбаева Берлинде өткен III халықаралық коммунист-әйелдер конференциясына делегат болып қатысып, Германия коммунистік партиясының негізін салушы **Клара Цеткинмен** танысады. Мәскеуде саяси білімін көтеріп қайтқан Алма Қазақстан өлкелік Оқу комиссариатының саяси-ағарту басқармасына жетекшілік етті.



1924 жылы Надежда Крупскаяның ұсынысымен кеңес әйелдерінің алғашқы журналының (қазіргі «Қазақстан әйелдері») негізін жасады. Бұл журнал 1925 жылы «Теңдік», 1926 жылы «Әйел теңдігі» деген атпен шықты, алғашқы редакторы Сара Есова болған. Алма Оразбаева осы журналдың тұрақты авторы болды.

1925 жылы Алма Оразбаева Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті Президиум төрағасы қызметін атқарған.

1926 жылы А.Оразбаева Қызылордада қазақ әйелдерінің алғашқы кілем тоқу артелін ашады.

1928 жылы БК(б)П ОК А.Оразбаеваны Қазақстаннан шақырып алып, Саратов губерниясына жұмысқа жібереді. Ол мұнда Нижне-Волжск өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі және әйелдер бөлімінің меңгерушісі әрі өлкелік колхоз одағы төрағасының орынбасары міндетін қоса атқарады.

Сол жылдары Коминтерннің 5 конгресіне делегат болып қатысты.

Алма Оразбаева әнші, биші, өнерпаз болған, әдемі даусымен ән салып, халықты талай рет тәнті қылған. А.В.Затаевич одан халқымыздың 10 әнін («Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Төрт пішен», «Зейнешім», «Саржан», «Ғиндаш», «Айнамкөз», «Япырай» және «Қоштасу», әнінің екі түрлі нұсқасы) жазып алып, **«Қазақ халқының 1000 әні»** жинағына кіргізген.



А.Оразбаеваның даусы мен орындаушылық шеберлігін А.Затаевич:

«Алма Оразбаева — жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен құтқару жолында күресуші көрнекті қайраткер. Тамылжыған нәзік (сопрано) дауысы бар және әнді нақышына келтіріп мейлінше әсем айтатын музыкаға аса қабілетті жан.

Оразбаева менің жұмысыма барынша ықылас білдірген және маған өте құнды деректер берген бөкейлік бірінші қазақ қызы болды», деп жоғары бағалаған.



Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаеваның тағдыры қиын болған. А.Оразбаева 1929 жылы Коминтерннің 5 конгресінің тапсырмасымен Ішкі Монғолияда (қазіргі Қытай) іссапармен болған кезде тап дұшпандарының қолына түседі. Ұрып соғудан ауруға шалдыққан оны лазаретте жатқан жерінен кеңес барлаушылары бір амалын тауып Қазақстанға жеткізіп салады. Үйіне оралғанда күйеуі, өлкелік ОГПУ (кейін НКВД) басқармасы бастығы, ұлты орыс Иван Дмитриевич Каширин Алманың жақын туыс сіңлісіне үйленіп алғанын естіп, Алма қатты күйзеліске ұшырайды, содан Алманың денсаулығы қалпына келе қоймайды. Оның жүйкесі сыр беріп, психиатриалық емханада емделгенмен айығып кете алмайды. 1931 жылы денсаулығына байланысты зейнетке шығады. Күйеуі И.Каширинге халық жауы деп айып тағылып, тұтқындалып 1937 жылы ату жазасына кесіледі. Оның әйелі де, репрессияға ұшырап, 10 жылға түрмеге жабылады.

Алманың И.Д.Каширин екеуінің Алмарев атты ұлдары болған («Алма-революционер» деген сөздерден қысқартылған).

Әкесінен де, шешесінен де, өгей шешесінен де айырылған жалғыз ұлы Алмарев Мәскеуде балалар үйінде тәрбиеленіп, инженер болып, азамат қатарында жүрсе де әкесі мен анасының тағдырынан, ауруға шалдыққанынан хабарсыз қала береді.

Алма Оразбаева саяси санасы қалыптасып, қабілет-дарыны кемеліне келген шақта айықпас дерттен 1948 жылы 50 жасында Жамбыл облысы Луговая станциясында қайтыс болған деген деректер бар.

Батыс Қазақстан облысының Казталов аудан орталығында А.Оразбаева атындағы мектеп, мектеп мұражайы, Арыс, Шардара, Сатпаев қалаларында Алма Оразбаева атындағы көшелер бар.



Алма Оразбаеваның өмірі, қызметі, тағдыры туралы С.Даумовтың “Тауқыметті тағдыр” атты 2001 жылы Алматыда, Өлке баспасынан кітабы жарық көрген

**Нағима Ыдырысқызы Арықова (1902-1956), мұғалім,
кеңестік және қазақстанның партия қызметкері және
мемлекет қайраткері.**



Белгілі партия және кеңес
қызметкері, журналист,
публицистикалық
мақалалар мен
аудармалардың авторы,
РСФСР Жоғарғы Соты
Қазақ бөлімінің
Төрайымы болған.



Нағима Ыдырысқызы Арықова 1902 жылы Верный қаласында туған. 1919-1922 жылдары Верный (қазіргі Алматы), Семей қалаларында мұғалім болған. Семей губерниясының кеңестік партия мектебін бітірген.

1923 жылы - РК(б)П Семей губкомында нұсқаушы; кейіннен Қарқаралы уезкомында әйелдер бөлімінің меңгерушісі.

1924 жылы - Әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі өлкелік курстың меңгерушісі.

Нағима Ыдырысқызы 1925 жылдан Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясының мүшесі.

1925-1929 жылдары РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бюро мүшелігіне кандидат, әйелдер бөлімінің меңгерушісі. 1929-1930 жылдары - РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің Төрайымы.

Нағима Ыдырысқызы 1926 жылы Мәскеуде өткен Жұмысшылар кеңесіне Шығыс әйелдерінің атынан барып баяндама жасаған. Сол баяндамасымен Клара Цеткиннің назарына іліккен.

1927 - 1932 жылдары Н.Арықова Қазақ өлкелік партия комитетінің мүшесі болды.

1930-1932 жылдары - Москвадағы марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысы болды.

1932-1937 жылдары - Батыс Қазақстан обкомының бюро мүшесі, насихат және мәдениет бөлімінің меңгерушісі болды.

1937-1938 жылдары – Н.Арықова Қазақ КСР-і Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары қызметін атқарды.

Кейінгі жылдарда Нағима Арықова Қазақстан мемлекеттік баспаларында қызмет атқарды. Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясының 15-16 конференцияларының делегаты, журналист. 1927 жылы Қызылордада «Өкіл әйелдер не істеу керек?», 1930 жылы «Қазақстанда жұмыс істейтін әйелдердің еркіндігі» деген кітаптардың және жүзге тарта публицистикалық мақалалар мен аудармалардың авторы. Қазақстандағы алғашқы әйелдер ұйымын құрушы.



Өкімет пен партия әйелдердің таптық саяси санасын ояту үшін қолда бар мүмкіндіктің барлығын пайдаланды. Соның бірі 1925 жылдан бастап арнайы – «Әйел теңдігі» журналының ұйымдастырылуы болды. 1925-1934 жылдары «Әйел теңдігі», 1935-1941 және 1950-1954 жылдары «Сталин жолы» (1955 жылдан «Қазақстан әйелдері») деген атпен шығып тұрған бұл басылым қазақ әйелдерін саяси жағынан тәрбиелеуде ерекше орын алды.

Журналдың әрбір саны оқырмандарды партияның әйелдер арасында жүргізіп отырған әлеуметтік-саяси жұмысының барысынан хабардар етіп отырды. Журналдың тұрақты авторлары және жауапты редакторлары 1925-1932 жылдары Сара Есова, 1934-1937 жылдары Нағима Арықова болды.


Журнал бала тәрбиесі мен денсаулығы, халықтың сауаттылығы, дерттен сақтану жолдары, сондай ақ әйелдердің үйді қалай ұстауы, жастарды оқуға, өнер-білім алуға, талпынуға үгіттеді және әйелдердің әлеуметтік хал-ахуалын жазды. Осы жұмыста жүріп Н.Арықова көшпелі әйелдер қызыл отауын ұйымдастырды.

Нағима Арықова 1956 жылы Алматы қаласында 54 жасында қайтыс болды. Алматы қаласында Н.Арықова атындағы көше бар.

Сара Сәтбайқызы Есова (1903-1984), мұғалім, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.



Комсомол және партия қызметкері, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Әйел теңдігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналының алғашқы редакторы, кітапханашы-библиограф.



Сара Сәтбайқызы Есова 1903 жылы Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы, Қара шеңгел ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Бастауыш білімді Түркістан темір жолының Солотөбе станциясындағы ағайынды өзбек Раджипбаевтардың жеке мектебінде алды. 1915-1918 жылдары Орынбор қаласындағы Богустан әйелдер училищесінде оқыды.

1919 жылы Орынбордағы педагогикалық курсты бітіріп, бастауыш сыныптар оқытушысы мамандығын алғаннан кейін еңбек жолын Ақмешіттегі қазақ-татар мектебінде тарих және география пәндерінен дәріс берумен бастады. Ұстаздық қызметін атқара жүріп, комсомол қатарына өтіп, халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізді.

Сара Есова комсомолдар А.Оразбаева, Н.Арықова, М.Бегалиевалармен бірге қазақ әйелдеріне арналған сауатсыздықты жою мектебін ұйымдастырушы болды.

1920 жылы наурызда Ташкентте болған Кеңестік Шығыс әйелдерінің бірінші съезіне Ақмешіт уезінен С.Есова делегат болып қатысты.

1920 жылы С.Есова уездік атқару комитетіне мүше болып сайланды. Осы жылы коммунистік партия қатарына өткеннен кейін уездік партия ұйымында белсене қызмет етті. 1921-1922 жылдары жауапты партия, комсомол қызметін атқарған.



1921 жылы Ресей комсомол жастарының 4 съезіне Ғани Мұратбаев бастаған делегация құрамында барады, комсомол басшысы Ғ.Мұратбаевпен қызметтес болып, одан көп ақыл-кеңес алып отырған.

1922 жылдың күзінде Түркістан Компартиясы Орталық комитеті Алматы қаласына, Жетісу облыстық партия комитетіне қызметке жібереді.

1922—1925 жылдары Жетісу губерниясы партия комитетінің органы «Тілші» газетінің редакторы, 1925—1932 жылдары Қазақстан өлкелік партия комитетінің әйелдер бөлімінде нұсқаушы,

1925-1932 жылдары «Әйел теңдігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналының алғашқы редакторы болады, осы жұмысымен бірге Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатындағы саяси ағарту басқармасы бастығының орынбасары қызметін қоса атқарады.

1929 жылы Халық ағарту қызметкерлерінің республикалық кәсіподақ комитетінің төрайымы болды.



Осы жылдары
С.Сейфуллин Сара
Сәтбайқызына арнап
«Вагон терезесінен» атты
өлең шығарған.

Ақын өшпес өмірдің
тұлғасын лирикалық
сөзбен жырлайды, Сара
сияқты қоғам өміріне
белсене араласқан білімді
әйелдердің жемісті
істеріне Сәкен қуанатын,
оларды барынша
қолдайтын.

Сара Сәтбайқызы 1932-1937 жылдары Алматыдағы марксизм-ленинизм институтының тарих бөлімінде оқыды. 1937-1938 жылдары ҚазПИ-де (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті) жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі болды.

1938 жылы 31 мамырда С.Есованың күйеуі, көрнекті мемлекет қайраткері, Халық комисариаттар Кеңесінің төрағасы **Ораз Исаев** жалған жаламен «халық жауы» деп тұтқындалып, ату жазасына кесіледі.



Барлық саяси тұтқындардың әйелдері сияқты С.Есова да «халық жауының әйелі» деген жаламен 1938 жылы 9 маусымда тұтқындалып, партия қатарынан шығарылады. С.Есовамен жақсы араласқан, оны құрметтейтін Н.К.Крупская Сталиннің қабылдауында болып, «күйеуі үшін әйелі жауап бермейді» деп Сараны абақтыдан алып шықты. 9 ай тұтқында болған С.Есова тергеу материалдарының дәлелдеу күшінің жеткіліксіздігінен 1939 жылы 9 наурызда босатылады. Босатылғаннан кейін мұғалімдік жұмыстан шеттетіліп, 1941 жылға дейін Орталық мемлекеттік мұражайда аға ғылыми қызметкер және тарихи-революциялық бөлім меңгерушісі болып жұмыс істейді.

1942-1944 жылдары Сара Сәтбайқызы Орталық Азия мен Қазақстан жер бөлімдері одағының Бүкілодақтық Кәсіподақтарының Орталық Кеңесі ұйымдастыру бюросының мәдени-бұқаралық бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1945 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі С.Есованы «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін медалімен» марапаттады.

1945-1948 жылдары С.Есова Орталық мемлекеттік мұражай директорының ғылыми бөлімі жөніндегі орынбасары, 1948-1954 жылдары Қазақ КСР мемлекеттік кітап палатасы директорының ғылыми бөлімі жөніндегі орынбасары болды.

1954-1956 жылдары А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде бас библиограф ретінде қызмет істеп, кеңес дәуіріне дейін жарыққа шыққан қазақ кітаптары туралы шежірені құрастыруға қатысқан.

1956 жылдан 1973 жылға дейін 17 жыл Орталық мемлекеттік мұражай директоры болды. Осы жұмыста жүріп С.Есова мұражайға көптеген құнды мемориалдық заттар, бұйымдар, экспонаттар жинады.

1956 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандары ақталып жатқан кезде С.Есованың арызы негізінде ұзақ тексерістен кейін, ісі қайта қарастырылып, күйеуі Ораз Исаев ақталады.

1959 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі С.Есованың көп жылғы еңбегін бағалап «Құрмет Белгісі» орденімен марапаттады.

1980 жылы Сара Сәтбайқызы А.С.Пушкин атындағы республикалық кітапханаға қызметке қайта оралғанда, қазақ тіліндегі кітаптарға библиографиялық анықтамалықтар шығарумен айналысты.


Ол 1984 жылы 81 жасында осы қызмет үстінде отырып, қайтыс болған.

С.Есованың артында қалған екі ұлы, төрт немересі, шөберелері бар. Қызылорда қаласында С.Есова атындағы көше бар.

Шолпан Иманбаева (1904 – 1926) – мұғалім, қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш ақын



Орысша сауат ашу мектебін бітіріп, Ақмола қаласындағы балалар коммунасында тәрбиеші-мұғалім болған, қазақ әйелдерінен шыққан алғашқы ақын.



Шолпан Иманбаеваның туған жері Ақмола уезі, Нұрбай болысы, 1903 жылы кедей шаруа адамның отбасында дүниеге келген.

Шолпан Қорғалжын жақтағы, Соналы бойына бай шалға қалыңмалға тоқалдыққа күн ретінде сатылады. Ауылдан қалаға келуге мүмкіндік туғанда Уревком төрағасы С.Сейфуллинге күндіктен құтқаруды сұрап өлеңмен арыз жазады, осы арызы бойынша С.Сейфуллин Шолпанды босатып алады.

Кейіннен оқуға мүмкіндік туған кезде «Арманым жалғандағы өнер, ғылым» деп жырлаған ол сол арманымен, Ақмола қаласына келіп, әйелдердің қамқоры болған Назипа Құлжановамен танысады.

1921 жылы Шолпан орысша сауат ашу мектебіне түседі де, алты айдан кейін сауатты адамдардың қатарына қосылады. Оқуды бітірген соң, Ақмола қаласындағы балалар коммунасында тәрбиеші-мұғалім болып істеді.

Мектеп жанынан қабырға газеті шығып, редакторы Шолпан болады. Ол әдебиетке қабілеті бар балаларды газетке тартады. Коммунаның қасынан көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырады

Осы кезден бастап шығармашылыққа ден қойып, өлкелік әйелдер курсында өз өлең-жырларын жиі оқып жүреді.

Сәкен Сейфулиннің қолдауымен «Еңбекші қазақ» газетінің алғаш әдеби шығармашылық жұмысына араласады. С.Сейфулиннің Шолпанның оқып білім алуына және қаламы төселмеген кездегі алғашқы өлеңдерін газет бетіне жариялап, қамқорлық көрсетуі қазақ әдебиетінің таңы атып келе жатқан дәуірдегі ең ізгі, үздік дәстүр еді.

Шолпан Иманбаеваның «**Жолаушы мен жұмыскер**» деген алғашқы өлеңі 1923 жылы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланды. Осы өлеңінде:

Қайғылы, шерлі көңілім,

Қасіретпен өтіп өмірім,

Өзімді бүгін байқасам

Келіпті шаттық басыма...- деп өзінің балалық шағы мен бұлдыр өмірін салыстырып, тамаша қорытынды жасайды.

1924 жылы өлкелік әйелдер бөлімі жанынан бір жылдық әйелдер курсы ашылады. Бұл бөлімге теңдікке қолы жеткен әйелдерді шақырады. Сол шақырылғандардың бірі Шолпан болды. Өзі курстың жанындағы қабырға газетінің редакторы, көркемөнер үйірмесінің жетекшісі болды. Курста оқып жүрген кезде Шолпан тағы да Назипа Құлжановамен кездеседі. Сол уақыттағы өлкелік әйелдер бөлімінің меңгерушісі Оразбаева Алма, әйелдер курсының директоры Арықова Нағима сияқты қазақтың оқыған әйелдерімен тығыз байланыс жасап, олардан үлгі-өнеге алған.

Ш.Иманбаева өз тұсындағы қазақ әйелдерінің мұң-мұқтажын, арман-тілегін «Қоңыр қаз», «Қазақ әйеліне», «Жолдасыма», «Апайға» өлеңдерінде жырлады, жастар мен оқу-білім тақырыбына «Жеттік міне», «Жас ініме», «Жас қайратқа», «Жастарға» деген өлеңдер арнады, қоғамдағы ұнамсыз құбылыстарды «Бұлбұл мен қарға», «Зейнепке», «Жәкең жаман сасады» деген өлеңдерінде өткір сынға алды. Сол кездегі әйелдерді зарлатып келген заманға жастай кіріптар болып уланса да адамшылық қасиетті Шолпан, көрген қорлығын, тартқан азабын, кеудесін керген қайғысын, жаралы жан сырын көркем тілмен, шын жүрекпен, дарынды талантымен жұртшылықтың, келешектің алдына тартты.

Ш.Иманбаева өлеңдері мазмұнының өткірлігімен, тілінің көркемдігімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде Шолпанның алатын орны ерекше. Түрлі тақырыптарға жазған бірнеше өлеңдері ауыздан-ауызға тарап, оқушылар жатқа айтатын болды.

Оқу-білім туралы тебіреніп жазған мына бір өлеңнің маңызы еш уақытта жоғалмақ емес:

Үлгілі сөз

Бола ма кез

Оқып біліп жазбаса?

Алтын мен жез,

Алынбас тез,

Еңбектеніп қазбаса.

Тіліңнен шығар,

Басқалар ұғар,

Көңілдің шерін қозғаса, - деп тамаша шумақтар жазған.

Шолпанның «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдары мен «Жас қайрат» газетінде саяси-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері үзбей жарық көрді.

Шолпан көп оқып білімін кеңейте алмай, жиырма төртінші жылдың аяғында ауруға шалдығады. Ол туберкулездің торына түседі. 1925 жылдың наурыз айында Шолпан туған ауылына қайтады. Шолпан ауылға келгеннен кейін әркімнің есігінде жүрген, жетім бауырларының басын қосып, өз алдына түтін түтетеді. Бірнеше өлеңдер жазады. Шолпанның жинағындағы жиырма жеті өлеңнің он бірі жиырма бесінші жылы, үшеуі жиырма алтыншы жылы жазылған.

1926 жылдың қыркүйегінде ақын ауырып, мезгілсіз қайтыс болады. Қайтқан жері Ақмола облысындағы Майбалық көлінің жағасы.

Шолпан ақын, әдебиет майданына не бары үш-ақ жыл қатысты. Осы аз ғана уақыт ішінде білімнің аздығына қарамай бірқатар еңбек істеді. Шолпан қазақ әдебиетінің бүгінгі үлкен арнасына тұңғыш рет жол тартқандардың бірі. Әйелдерден шыққан жалғыз ақын. Оның жалынды жырлары біздің әдебиетіміздің бағалы қазынасына қосылатын құнды мұра.


Сара Есова 1927 жылы «Әйел теңдігі» журналының редакторы болып қызмет істеп жүргенде ақынның еңбектерін жинақтап, алғы сөз жазып, Нәзипа Құлжанова екеуі «Таңдамалы өлеңдер» деген атпен Қызылорда қаласында кітап етіп бастырып, жарыққа шығарған.

Сол кітапқа Сәкен Сейфуллин «Таныстыру» деп аталатын шағын ғана беташар мақаласында: **«Үзілген қызғалдақ, қиылған көк шыбық қалды көміліп топырақ астында, Өзі өлсе де Шолпанның сөзі қалды артында»** деп жазыпты. Шолпанның 1950 жылы басылып шыққан «Шолпан өлеңдері» кітабы С.Сейфуллин мұражайының қорында сақталған.

**Шонанова Шахзада Аронқызы (1903- 9.3.1938) – мұғалім,
педагог-әдіскер, ХХ ғасырдың
30-жылдарындағы қазақ интеллигенциясының
көрнекті өкілі**



1937-1938 жылғы
Кеңес үкіметін
шарпыған саяси
репрессия кезінде
ең ауыр үкім – ату
жазасына кесілген
жалғыз қазақ қызы



Шонанова Шахзада Аронқызы 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында дүниеге келген. Шахзаданың әкесі Арон Қаратаев әйгілі Әбілқайыр хан ұрпағы, төре тұқымынан болатын, белгілі қоғам қайраткері, Дума депутаты болған заңгер Бақытжан Қаратаевтың інісі еді.

Шахзаданың анасы да осал болмаған: Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова — тарихымызға өшпес жұлдыз болып енген, Жәңгір ханның немересі, 1894 жылы Бөкей Ордасында қазақ қыздары үшін мектеп ашқан. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Мәметова (Мәншүк Мәметованың анасы) Хұсни-Жамалдың мектебінен өткен.

Шахзада жастай оқыған, зерек, алғыр болған. 1920 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түседі. Бірақ шыққан тегі, әкесі үстем тап өкілі болғандықтан, қудаланып, 2-курста оқудан шығарылады. Шахзаданың көп арманы жүзеге аспады. Оған әлді адамның қызы болғаны пәле болып жабысты.



Тағдырдың жазуымен екі рет тұрмысқа шығады. Алғашқы ері мемлекет қайраткері **Ыдырыс Мұстамбаев** болатын.

Ол 1920 жылы Семей губерниялық азық-түлік комиссары, Орал губеркомының мүшесі ретінде 1922 жылдан бастап Ақмола губерниясының прокуроры қызметтерін атқарған. 1925 жылы Ы.Мұстамбаев Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы болған.



Мұстамбаев

Ы.Мұстамбаев пен Шахзада 1922 жылы үйленеді. Ы.Мұстамбаевқа 1924 жылы «тап жауының қызына үйленді» деген айып тағылып, 1924 жылы Шахзадамен ажырасуға мәжбүр болады. 1926 жылдың 13 қыркүйегінде өткен Өлкеком бюро мәжілісінде Ы.Мұстамбаевтың мәселесі қаралып, ұлтшылдық пиғылдағы іс-әрекеттері бар деп алғашқылардың бірі болып айыпталып, 1933 жылы 5 жылға бас бостандығынан айырылады. 1937 жылы сол айыбы үшін ату жазасына кесіледі. Осылайша небәрі 39 жасында қазақтың асыл азаматтарының бірі саяси қуғын-сүргін құрбаны болған еді.

Шахзада Аронқызы өзінің алғашқы мақалаларына «Мұстамбай келіні» деп қол қойып жүреді.

Ал кейіннен, 1937 жылы ол энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы, «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты еңбектің авторы **Телжан Шонановпен** бас қосады.



Телжан

Шонанов

1912–1916

жылдары Орынбордағы қазақ мұғалімдер институтында оқыған. 1916 жылы Ырғыз уезінде мұғалім болып істеген. 1922–1926 жылдары Орынборда Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықта қызмет атқарды. 1926–1929

жылдары Қызылордада Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді. 1929 жылы Алматыға көшіп келіп, 1934 жылға дейін ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) оқытушылықпен айналысады. 1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек еткен. Қазақ бастауыш мектебінің теоретикалық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан емлеге, тіл дамытуға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген еңбектер мен хрестоматиялар жарық көрді.

Шахзада әу баста САГУ-дың (Ташкентте 1920 жылы құрылған Орта Азия мемлекеттік университеті – қазіргі Ташкент университеті) медицина факультетіне түскен болатын. Алайда оған «тап жауының қызы» деген айып тағылып, оқудан шығарылады. Бұдан кейін Шахзада әртүрлі қызметтер атқарады. 1922-1926 жылдары Оралда губерниялық атқару комитетінде іс жүргізуші, аз уақыт Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы болып істейді.

1928 жылы, Қызылордаға ауысып, Халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы болып жұмысқа орналасады. Бірақ Шахзаданың мақсаты оқуын одан әрі жалғастыру еді. Соған орай 1931 жылы Алматыға қоныс аударып, медицина институтына оқуға келеді. Өкінішке қарай, баяғы жала тағы да алдынан шығады. Сөйтіп, бұл оқудан да шығарып жібереді.

1933 жылдың бас кезінде өзіне бұрыннан белгілі оқу-ағарту ісіне, мектепке дейінгі балалар тәрбиесіне араласады. 1933-1936 жылдары педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында жауапты хатшы, Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер, ұлттық мәдениетті ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Халық ағарту комиссары Т.Жүргеновтың шақыруымен ол бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалым-хатшы, кейін әдіскер-кеңесші болып қызмет істейді.

Шахзада 1936 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне түскенмен мұнда да оқуын аяқтай алмайды. 1937 жылдың 21 шілдесінде Шахзаданың жұбайы Телжан Шонанов халық жауы деген жаламен тұтқындалады.

Шыққан тегі де, күйеуінің халық жауы ретінде тұтқынға алынуы да, өзінің сауатты болуы да, көптеген зиялы азаматтармен қызмет бабында аралас-құралас жүруі де НКВД үшін бұлтартпас айғақ ретінде ойластырылған еді.

Шахзадаға «күйеуі Телжан Шонановпен бірге Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов басқарған диверсиялық топтың құрамында 1936 жылы ҚазМУ ғимаратын өртепек болды» деген айып тағылды. НКВД жендеттері Шахзаданы ауыр азапқа салып мүлде болмаған айыпты мойнына алуға мәжбүр қылған.

Жазықсыз жалалы болған Шахзада Шонанова 1938 жылдың 9 наурызында ері Телжан Шонанов атылғаннан кейін он күннен соң Алматы түрмесінде атылады. Аяулы ер-азаматтардың арасында ату жазасына кесілген жалғыз әйел Шахзада Шонанова еді. Мына фотосурет түрмеде түсірілген Шахзаданың соңғы суреті.




Телжан мен Шахзада Шонановтар әулетінен ұрпақ жоқ. Бауырына басқан ұлдары Жақып сол жылдары Донбаста, Сталино қаласында индустриялық құрылыс институтының студенті екен. Жақыптың кейінгі тағдыры туралы дерек жоқ

Қазақтың ару қызының сыртқы сымбаты, ажары, жүріс-тұрысы туралы жазушы Хамза Есенжанов «Ақ Жайық» романында ерекше суреттейді.

**Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина (1908-1982),
мұғалім, тұңғыш кәсіби журналист, аудармашы,
қоғам қайраткері**



Мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсты 14 жасында бітіріп, ауылда мұғалім болып бала оқытқан, Алматыда коммунистік жоғары оқу орнында (КомВУЗ-да) оқып, маманданған журналист болып бітірген.



Ләзиза Серғазина 1908 жылы қыркүйек айында Павлодар өңірінде әйгілі қажы Мешітбайдың отбасында дүниеге келген.

Стамбулда мұсылмандық білім алып келген Мешітбай қажы ауыл балаларының сауатын ашуға өмірін арнаған адам. Әкесі қызына діни білімнен өзге шығыс философиясы мен әдебиетін үйретті. Әкесінің тәрбиесі оны білімге құштар, оқуға зерек етті. Он төрт жасында Павлодар қаласында ауыл мектептеріне мұғалімдер даярлайтын қысқамерзімді курсты үздік аяқтап, өз ауылында 1929 жылға дейін бала оқытып, мұғалім болады. Ел тұрғындары оны ерекше құрметтеп, «мұғалім қыз» деп ат қояды. Мектепте ұстаздық ете жүріп, облыстық газеттерге мақала да жазып тұрған.

Ләзиза білімнің көкжиегін бағындыруға бел байлап, 1930 жылы партия қатарына өтіп, Алматыдағы коммунистік жоғары оқу орнына КомВУЗ-ға түсіп, 1933 жылы маманданған журналист болып оқуын тәмамдайды.

Өзінің еңбек жолын 1933 жылы «Сталин жолы» газетінде әдеби қызметкер болып бастады. 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне әдеби қызметкер, жауапты хатшы болып істеп, 1938-1949 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі болды. Осы басылымдарда қызмет ете жүріп, өзінің еңбекқорлығымен көзге түсті. 1950 жылдан өмірінің соңына дейін «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты хатшысы болып еңбек етті. Ләзиза қазақ әйелдерінің журналына жаңа леп әкелді. Өзі отбасы бақыты, бала тәрбиесі, әйел теңдігі тақырыбындағы мақалаларын жазды.

Ләзиза Серғазина
Қазақстан халық
жазушысы **Әбу**
Сәрсенбаевтың өмірлік
жары болды. 1933 жылы
КомВУЗ-да білім алып
жүргенде екеуі танысып,
содан бері жұптары
жазылмаған. Екеуі жарты
ғасырдан артық бірге
кешкен ғұмырында Ләзиза
апайымыз жазушының
жан серігі, адал досы,
ақылшысы, кейде
шығармаларының өткір
сыншысы бола білді



Репрессия жылдары Ләзизаның әкесі халық жауы аталып, қамауға алынған екен. Сол жылдарда Ләзиза Серғазинаның басына да қара түнек орнап, ол көп қиындық көреді. Әкесінен айрылса да қайсар қыз тағдырдың тәлкегіне мойымай, қиындыққа төтеп береді. Ләзиза Серғазинаның алдынан «халық жауының баласы» деген қара дақ үнемі шығып отырады. Бірақ Ләзиза осы ойға қарсы тұрып, адал еңбегімен, жазған мақалаларымен өзінің де, әкесінің де кім екенін дәлелдей білді.

Журналист әйелдің сол заманғы ауқымды проблемалық тақырыптарды көтерген әрбір мақалалары оқырман жүрегінен орын алды. Әсіресе, ауыл, қала әйелдерінің проблемалары оның басты тақырыбы болатын. Қиын-қыстау уақыттарда олардың қасынан табыла біліп, қол ұшын беріп отырды. Оқырмандарының алғысына бөленді. Қырсыры көп журналистиканың тарланы атанып, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері болды.


Ләзиза Серғазина аударма саласында да көптеген іс тындырды. Атап айтсақ, Ликстановтың үш бөлімнен тұратын «Малвенюк» хикаятын аударып, 1952 жылы 25000 данамен жарық көрді, сол секілді Виллис Лацистің «Дауыл» атты төрт бөлімді романының екінші бөлімін жұбайы Әбу Сәрсенбаев екеуі аударып, ол 1979 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шықты.

Ләзиза Серғазина ашық-
жарқын, айналасына мейірім
нұрын шашып тұратын адам
болған. Әсіресе, өзінен кейінгі
жастарға көп көмек көрсеткен
Қазақстанның халық
жазушысы **Мұзафар
Әлімбаевтың:**

**Сыйладың қыр баласын, тау
ұлын да,
Сыйлы едің бүкіл қазақ
қауымына.
Жылынып мейіріміңнің
шуағына,
Бәріміз сыюшы едік бауырыңа,
— деп жырлауы бұл сөзіміздің
бір айғағы.**



С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетінде «Ләзиза Серғазина» атындағы медиаорталық жұмыс істейді. Осы орталықта Ләзиза Мешітбайқызының қолжазбалары, тұтынған заттары сақталған.



Әбу Сәрсенбаев екеуінің өкінішке орай, ортақ балалары болмаған. Екеуіне ортақ Әбудің қызы – Райхан, Ләзизаның қайтыс болған бірінші жарынан ұлы - Бекен болды.

Ләзиза Серғазина 1982 жылы Алматы қаласында 74 жасында дүние салды. Еліне сіңірген еңбегі, қазақ әйеліне деген қамқорлығы мен жанашырлығы, атақ-лауазымнан жоғары болғандығы, жастардың білім алып, қоғамда орнын табуына жол ашқан ақылшы ұстаз, мейірімді ана болғаны талайлардың ғана емес халқының да жадында мәңгі қала бермек.

XX ғасыр басындағы аумалы-төкпелі заманда қазақ әйелдерінің ішінен шыққан сауатты, білімді, халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болып, жолын мұғалімдіктен бастаған, ары қарай өз халқы үшін барлық күш-жігерлерін аямай, әр салада еңбек етіп, өнер, мәдениет, білім сәулесін шашқан алғашқы оқыған қазақ әйелдерінің тағдырлары осындай болған.

Елі үшін еңбек еткен ағартушы, қайраткер әйелдердің тәрбиелік маңызы зор мұрасы бүгінгі ұрпаққа аманат болып, мәңгі жасай бермек.



**НАЗАР ҚОЙЫП ТЫҢДАҒАҢДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**



**Дайындаған ғылыми-библиография бөлімшесінің басшысы
Клара Жұмағалиқызы Иманбекова**

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құлжанова Н. Шығармалары: мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар /Н.Құлжанова. – Алматы: Ана тілі. – 2014.

2. "Ардақты бар Нәзипа деген ханым...": [Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист Нәзипа Құлжанова туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, құрметті журналист Балтабек Ерсәлімовпен сұхбат] /сұхбаттасқан Орал Шәріпбаев // Ана тілі. - 2012. - 15-21 қараша.

3. Әбсаттар М. Ату жазасына кесілген жалғыз қазақ қызы кім?: [педагог, Алаш арысы Телжан Шонанұлының жары болғаны үшін "халық жауы" деген айыппен атылған Шахзада Шонанова туралы] / М. Әбсаттар // Жас Алаш. - 2017. - 25 сәуір.

4. Әнес Ғ. Қос мұңлық: Телжан мен Шахзада: [репрессия құрбандары болып, атылып кеткен қоғам қайраткері, педагог, тілші-ғалым, аудармашы Телжан Шонанов пен оның әйелі педагог-әдіскер Шахзада Аронқызы Шонанова туралы] / Ғ. Әнес// Ана тілі. - 2017. - 10-16 тамыз.

5. Кәрібжанова Г. Қазақтың қайраткер қызы: [ағартушы, ұстаз, әлеумет қайраткері, журналист, жазушы, аудармашы Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова туралы] / Г. Кәрібжанова// Егемен Қазақстан. - 2012. - 26 желтоқсан.

6. Қалиев С. Н.Құлжанова - мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы (1887-1934) / С. Қалиев // Қазақстан педагогикалық ғылымдар Академиясының хабаршысы=Вестник Академии педагогических наук Казахстана. - 2009. - № 1. - 67-69 б.

7. Құлыяс Т. Көзден аққан қанды жас: [1937 жылы ашылған "Алжир" әйелдер лагерінде болып, 1938 жылы атылған педагог, ғалым Шахзада Шонанова туралы] / Т. Құлыяс // Қазақстан әйелдері. - 2014. - №4. - 6-9 б.

8. Ниетқалиева Г. Алаштың ардақтаған Алмасы еді: [қазақтың қыздары арасынан шыққан тұңғыш мұғалім Алма Оразбаева туралы жазған Сатыбалды Даумовтың "Тауқыметті тағдыр" кітабы туралы] / Г. Ниетқалиева// Қазақ әдебиеті. - 2016. - 25 қараша.

9. Өтегенова Ғ. Алаштың ардақтаған Алмасы: [қазақтың қыздары арасынан шыққан тұңғыш мұғалім Алма Оразбаева туралы] / Ғ. Өтегенова // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2017. - № 3. - 14-17 б.

10. Салқынбек Д. Қос тағдыр: [мемлекет және қоғам қайраткері Ыдырыс Мұстамбайұлы және оның әйелі Бақытжан Қаратаевтың қарындасы - Шахзада Аронқызы Қаратаева туралы (кейін екінші рет Телжан Шонановқа тұрмысқа шығып, Шахзада Шонанова болған)] / Д. Салқынбек // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2012. - № 5. - 3-7 б.

11. Салқынбек Д. Ұлт мүддесін тоғыстырған тағдырлар: [қайраткер, заңгер Орал губерниясында прокурор болып істеген Ыдырыс Мұстамбаев, Арон Қаратаевтың қызы Шахзада Қаратаеваға 1922 жылы үйленіп, тап жауының қызына үйленді деген айып тағылып, 1924 жылы ажырасады, кейін Шахзада Телжан Шонановқа тұрмысқа шығады, бірақ репрессия құрбаны болып 1938 жылы Алматыда атылған] / Д. Салқынбек / Президент және халық. - 2015. - 17 сәуір.

12. Сейсенбаева А. Сегіз қырлы Сара: [қоғам қайраткері, ағартушы Сара Есова туралы] / А Сейсенбаева// Ақиқат. - 2008. - № 8 -79-82 б.

13. Хасан С. Алашшыл Абайтанушы: [қайраткер қаламгер, ел зиялысы Нәзипа Құлжанова туралы] / С. Хасан // Ақиқат. - 2011. - № 11. - 25-32 б.

14. Ғаламтор материалдары